

## ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ ТІЛДІК ТІРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ МОНОЛОГ ТҮРІНДЕ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ

**Бегеева А.Ж.**

*Данная работа предназначена для развития умений и навыков устной речи, а также для формирования умений группового общения.*

*Using the methods of monologue speech. To develop of student`s skills in monologue of speech.*

Жоғарғы оқу орындарында шетел тілін оқыту үдірісін жандандыру, жаңа оқу-тәсілдерін айқындап, қызықты, әсерлі әдістерді қолдану, оқу әдістемелік комплексінің ұсыныстарына шығармашылықпен қарау да студенттің шет тіліне қызығушылығын арттырады. Олай болса студент қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіру, алған білімді тұрақты есте сақтау шараларын жолға қою керек болады. Тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементерін және көрнекіліктер қолданылып, электрондық оқулықтар жасау, жаңа технология енгізу-бүгінгі күннің басты талабы. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы әлемдік бірлестікке кірген заманда білімнің рөлі мен маңызы артып, білім беру сапасын көтеру басты мәселелердің бірі болып отыр.

Шетел тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөздің рөлі өте зор. Ауызша сөйлеу арқылы адамдар бір-бірімен түсініседі, өз ойларын айтады, дәлелдейді, естіген, айтылған хабарға өз көңіл-күй қатынасын білдіреді. Сөйлеудің екі түрі бар, бірі монолог түрінде сөйлеу, екіншісі диалог түрінде сөйлеу. Студенттерді монолог түрінде сөйлеуге үйретуде тілдік тіректердің маңызы өте зор. Шетел тілін оқыту әдістемелерінде (тірек) ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Көптеген ғылыми жұмыстарда ол стимул, әрекет жасауға түрткі ретінде қарастырылады. Мағұлмат студенттердің ойлауына түрткі бола алады, ал оқытушының міндеті студенттердің тыңдаған, оқыған, көрген мәліметтерін дұрыс басқара отырып, оларды монолог түрінде сөйлету. Көп жағдайда тілдік тіректер сөз әрекетін ұйымдастырушы болып, ойлардың бір бағытта дамыуына, студенттердің сөйлегенде қате жасамауына дәнекер бола алады. Сөйлеудің монолог түрін қолдану үшін, сөйлеушіге белгілі бір мазмұн керек те, ол сол мазмұнның негізінде сөйлемдер құра білу тиіс, монолог-сөздің ұйымдасқан түрі, сондықтан мұнда жекелеген сөйлемдер мен айтылымдар ғана емес, бүкіл хабар жоспарланып, бағдарлануы керек. Тілдік тіректер студенттердің дайындалған монолог түрінде сөйлеуіне көп септігін тигізеді. Көптеген әдіскерлер тілдік тіректердің, сөзден мәтінге дейін, мынандай класификациясын ұсынады:

1 Материалды көрсету негізінде [1]

- а) тілдік-кіші көйлемдегі көруге болатын мәтін, жоспар, сызба, ұран мағыналық сөздер, мақал-мәтелдер
- ә) бейнелеуші суреттеуші – кинофильм, диафильм, түрлі бейнефильмдер, суреттер, кесте белгі, плакат, карикатура.

2 Сөз әрекетін басқару негізінде

а) мазмұндық тіректер кім? не? қашан? қайда? қалай? және тағы басқа сұрақтар.

ә) мағыналық тіректер неге? не мақсатпен және тағы басқа сұрақтар.

Енді сөз тіректерінің төмендегідей классификациясын ұсынуға болады.

1 Монологқа не диалогқа тән логикалық сызба. Бұл сызба сөйлемдердің бірізділігін, дәйектілігін көрсетіп, ең бастысы мазмұнды болжауға, айтылуды жоспарлауға және лексикалық, грамматикалық толықтырылуына, стилистикалық өрнектелуіне бағытталады.

2 Логикалық мағыналық сызба. Мұнда сұрау сөздерінің бірізділігі сақталады. Мысалы: Who? Where When?

3. Структуралық сызба. Мұнда айтылатын сөздің логикалық, синтаксистік құрылымына және морфологиялық ерекшеліктеріне назар аударылады.

4. Тезис не сұрақ түріндегі жоспар.

5. Сөзді бастауға және аяқтауға байланысты тілдік тіректер.

Жоғарыда айтылған тірек түрлерінің барлығы да айтпақшы сөздің жалпы бағытын сонымен бірге мазмұнын, жоспарын бағдарлауға мүмкіндік береді. Олар айтылатын сөздің логикалық құрылымын, сапалық және сандық толықтығын қамтамасыз етеді. [1]

Белсенді оқыту әдістемесінің жақтастары тірек-сөйлемдерді үлгі-мәтін болмаған жағдайда, мағыналық жоспар ретінде пайдалануды ұсынады. Ал структуралық-функционалдық бағыттың өкілдері структуралықсызбаларды ойды бір сөйлем деңгейінде айтуда, әрі қарай толық мәтіннің композициясын анықтайтын логикалық-мағыналық сызба түрінде пайдалануды ұсынады. Осыған орай алгоритімдерді де қолдануға болатындығын көрсетеді. Олардың мақсаты-оқыған мәтін негізінде өз ойын айту, өзгерту, ықшамдау, өмірлік тәжірибесіне байланысты мағұлматты өңдеу шкерліктерін дамытуға үйрету болып табылады. Шет тілін үйренудің процессуалды бөлігі студенттер арасындағы жұмыстың ұжымдық формаларын ұйымдастыру арқылы іске асырылады. Күнделікті өмірден алынған студенттердің болашақ мамандықтарына байланысты ойын түрлерін, пікірталастар, дебаттар ұйымдастыру, жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін диалогтар, полилогтар құрумен қатар әр студентке педагогикалық психологиялық қолдау көрсету керек. Осы мақсатта диалогті сөзбен монологты сөзді дамытуға арналған, тапсырмалары шығармашылық сипат алатын мәтіндерге тоқтар болсақ, олар студенттің жалпы мәдениетін көтерумен қоса, профессионалдық қызығушылығын арттыруға және гуманитарлық құндылықтарды бөліп қарауға бағытталған.

Монологты түрде сөйлеуге үйретудің бір түрі ситуациалық- рөлдік ойындарды қолдану. Ситуациалық- рөлдік ойындарды орындау барысында әр студент өзіне белгілі бір рөлді алады да сол рөлге сай өзін-өзі ұстауға тырысады. Ситуациалық-рөлдік ойындар барысында көптеген өзара байланысты тілдік ситуациялар қолданылады. Ойын атмосферасы кезінде студенттің өзіне тән қабілетін көрсете алуы сабақта қолданылатын жұмыс түрлерін қызықты ете түседі. Ойын кейде күнделікті өмірде кездесетін адамдар арасындағы қарым-қатынастарға құрылады да студенттердің тілдік те тілдік емес те шеберліктерін шыңдайды. Ситуациалық-рөлдік ойындар ауызша сөйлеу

білігі мен дағдыларын, сондай ақ студенттердің топ болып қарым-қатынасуы жағдайында оларды өздерін ұстау мәдениетіне үйретеді. [2]

Қазіргі кезде шетел тілін оқытуда студенттердің сөйлеу іскерліктерін дамытуда тіректерді коллаж ретінде пайдалану өте тиімді болып отыр, себебі ол объектіге және оның компоненттеріне жан-жақты қарауға, бірден зейін аударуға мүмкіндік береді. Коллажды әсіресе елтану мәтіндерімен жұмыс істегенде қолданған тартымды, қызықты және тиімді. Коллаж мазмұны түрі жағынан көзбен көру көрнекілігінен жатады, ол сызба, сурет, фотоматериал, диаграмма, тақыры, сөздер және сөйлемдер ақпарат студенттердің бойында ассоциация топтамасын туғызады. Негізгі түйін және оның компоненттерінің арасындағы байланыс бағыттаушы сызықтармен, түстермен және сандармен белгіленеді. Коллаж мәтін мазмұнын айтып беруде, болып жатқан уақиғаның даму желісін көрсетуде, қысқаша мазмұндық тірек бола алады, ал мұндағы суреттер, тілдік, графикалық сызбалар және тағы басқа студенттердің тақырыпқа терең үңілуіне, ойдың шығармашылықпен дамуына жағдай жасайды. Тілдік тіректер жалпы дидактикалық және методикалық принциптерді ескере отырып, төмендегідей талаптарға сай құрылуы тиіс:

1. Біріншіден өтіліп жатқан материалды ескеру қажет.
2. Екіншіден тіректер түсінікті және көрнекілі болуы тиіс.

Тілдік тіректер оқу процесін жандандырып, студенттердің монолог түрінде сөйлеу іскерліктерін, қалыптастырып, дамытады.

Кез келген сөйлеу іскерліктерін дамыту процесінде екі кезеңді, яғни сөйлеуге дайындық және сөйлеу кезеңін ескеру қажет. Сөйлеуге дайындық кезеңінде алдымен фонетикалық және лексика-грамматикалық дағдылар қалыптастырып, студенттердің өз ойларын монолог сөз түрінде айтуы жаттықтырылады. Монологтың структурасын, композициясын және архетипуралық жағын үйретуде үлгі мәтінді пайдалану керек.

Мәтінмен жұмыс төрт сатыдан тұрады: [2]

- 1) мәтінге дейінгі
- 2) тікелей мәтінмен жұмыс
- 3) аналитикалық
- 4) мәтіннен кейінгі

мәтінге дейінгі саты студенттерді үлгі-мәтіндегі кездесетін қиындықтарды шешу жолдарына бағыттайды. Тікелей мәтінмен жұмыс үлгі-мәтінді оқуға және мәтіннен кейін берілген тапсырмаларды орындауға бағытталған. Мұнда студенттердің мәтін мазмұнын қалай түсінгені тексеріледі. Аналитикалық сатының мақсаты-мәтінді құрылымдық, мазмұндық компоненттеріне қарай топтау болып табылады. Мәтіннен кейінгі сатының мақсаты-студенттердің үлгі-мәтін мазмұнын айтып беруі. Сөйлеу кезеңінде студенттердің монолог түрінде сөйлеу іскерліктері қалыптастырылады. Мұнда студенттердің өз бетінше мәтінде көтерілген мәселеге байланысты өз ойларын айтып жеткізуге тырысады. Бұл жерде үлгі- мәтін афоризмге, мақал-мәтелге, тақырыпқа, ұранға және тағы басқаға ықшамдалады.

Мәтін негізінде монолог түрінде сөйлеуді дамыту

Who?                      Where?                      When?                      What?

Use the following key- words in your answers:

Who?	The story tells us about.... [3] The story describes..... The main character of the story is.....
Where?	The story goes.... ..... happened... .....in the street.... .....at home.....
When?	One day..... Once ..... At first .... Finally ..... In the end....
What?	.... met.... ....decided... ....went... .....got.

Шет тілі оқытушылары қызметінің түпкі нәтижесі студенттердің ойлау,сөйлеу, пікірлесу қабілеттерін дамыту, мәтін оқыту, монологты және диалогты ауызекі сөйлесуін меңгерту, оқу сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өзіміз тілін үйреніп отырған елге сол елдің тіліне қызығушылығын арттыру болып табылады. Сондықтан мен өз сабақтарымда осы мәселені шешу жолдарын қарастырамын.

#### **Әдебиеттер:**

1. Республиканский методика- педагогический журнал «Мектептегі шет тілі» № 3 2007. 31, 32 бет
2. Республиканский методика- педагогический журнал «Мектептегі шет тілі» № 3 2008. 13,14 бет
3. Я.М.Колкер., Е.С.Устинова., Т.М.Еналиева. Практическая методика обучения иностранному языку.-Москва, 2000г. 71, 72, 73 бет.